Бұл материал «Шығыс Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тапсырысы аясында әзірленді.

Сіз осы және басқа да ақпараттық және әдістемелік материалдарды QR кодын сканерлеу арқылы жүктей аласыз

@trintafond

trinta.kz@gmail.com

+7 747 424 8830

жеке меншік қоры ТРИНТА

«ШҚО ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ» ММ

Ақпаратты қауіпсіз тарату

Ақпарат | Қауіпсіздік | Жауапкершілік



+7 747 424 8830 trinta.kz@gmail.com www.trinta.kz

ОЙЛАН ТЕКСЕР ЖІБЕР

Күн сайын таңертең ояна сала ең алдымен телефонға қол созамыз. Әлеуметтік желілер, жұмыс чаттары, мессенджерлердегі ата-аналар топтарында ақпарат сарқырамадай ағылып жатады.
Осы ақпарат ағынының ішінде нақты мәселелерге әкелуі мүмкін хабарламалар кездеседі. Мәселе алдымыздағы ақпаратты тексерместен «жіберу» батырмасын басқан сәттен басталады.



Көз жеткізбейінше, қайта жібермеңіз



Алдыңғы қадамдардың бәрінен өткен соң, соңғы әрі ең қарапайым әрекетті орындау маңызды: **ақпарат ресми дереккөзбен расталмайынша, хабарламаны әрі қарай жібермеңіз.**

Адам тексерілмеген хабарламаны көбіне «сақтық үшін», «басқалар өздері анықтай жатар» деп жібереді. **Бірақ бұл сақтық емес, жауапкершілікті басқа біреуге ысыру.**

Телефонға келген әрбір хабарламаны дереу басқаларға жіберудің қажеті жоқ. Ол маңызды болып көрінсе, алаңдаушылық тудырса немесе маңызды бір нәрсе туралы ескертуді уәде етсе де, бұл оны міндетті түрде бөлісу керек дегенді білдірмейді.

Кейде интернеттегі ең жауапты әрекет – **ештеңені жібермеу.** Тексеруге жұмсалған екі минут жүздеген жедел репосттан маңыздырақ болуы мүмкін. Өйткені «Қайта жіберу» батырмасын басқан сайын, ақпараттың рас-өтірігіне қарамастан, оның әрі қарай таралуына көмектесеміз.

Аялдау, тексеру және бұл ақпаратпен шынымен бөлісу керек пе екенін шешу – жалған ақпарат таратпауға және араздықты қоздырмауға көмектесетін қарапайым қағида.

Бастапқы дереккөзді табыңыз

Кез келген сенімді жаңалықтың авторы болады: оны жариялаған **басылым, жазған журналист, жарияланған күні және мүмкіндігінше ресми құжатқа немесе мәлімдемеге сілтеме**. Бұлар болмаса, **хабарламаға сақтықпен қараған жөн.**



Factcheck.kz тәуелсіз фактілерді тексеру ресурсы да бар. Ол 2017 жылдан бері жұмыс істейді және резонанс тудырған хабарламаларды талдауға маманданған. Даулы жағдайда әлденені қайта жібермес бұрын осы ресурспен салыстырып тексерген ыңғайлы.

Фотосуретті тексеріңіз

Біз әдетте **суретке немесе бейнеге көбірек сенеміз**, сондықтан олар алдау үшін жиі қолданылады. Фото **бірнеше жыл бұрын және мүлде басқа жерде түсірілуі мүмкін,** бейне монтаждалуы немесе фильмнен алынуы ықтимал, ал нейрожелілер дамыған заманда сурет **жасанды түрде** де жасалуы мүмкін.



Қазақстанда көрінеу жалған ақпарат тарату беделге нұқсан келтіріп, құқықтық салдарға әкелуі мүмкін.

ҚР Қылмыстық кодексінің 274-бабында қоғамдық тәртіпке қауіп төндіретін немесе азаматтардың құқықтарына зиян келтіретін көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін **үш мың айлық есептік көрсеткішке** дейін айыппұл салу, **үш жылға** дейін бас бостандығын шектеу немесе айыру көзделген. Ал егер сіздің репостыңыз дүрбелеңге немесе жаппай тәртіпсіздікке әкелсе, жаза **жеті жылға** дейін жетуі мүмкін. Бұл – батырманы нақты бір рет басқаныңыз үшін белгіленетін нақты мерзім.

Медиасауаттылық – цифрлық ортада өзіңізді және өзгелерді қорғауға көмектесетін дағды.





Өз сезіміңізге құлақ асыңыз

Хабарламаны оқығаннан кейін оны дереу барлық таныстарыңызға жібергіңіз келсе, бойыңызды қорқыныш немесе ашу билесе, **бір минут аялдаған жөн.**

Күшті эмоция ойлануға кедергі келтіреді, ал фейк жасаушылар мұны жақсы біледі: **бас әріптер, көптеген леп белгілері, «барынша таратыңыз»** немесе **«өшіріп тастамай тұрғанда шұғыл таратыңыз»** деген тіркестер – маңыздылықтың белгісі емес, қысым жасау құралдары.

МАНИПУЛЯЦИЯ БЕЛГІЛЕРІ

- Бас әріптер
- Көптеген леп белгілері
- «Максималды репост» немесе «Шұғыл!» сияқты сөз тіркестері
- Фактілер, дереккөз, күн жоқ

Шынайы жаңалық әдетте сабырлы баяндалады: **онда фактілер, дереккөз және күн** көрсетіледі. Егер мәтін ақпарат беруден гөрі **қорқытып немесе ашуландырса**, әрекет етпес бұрын оны бір минутқа кейінге қалдырып, тынысыңызды қалыпқа келтіріңіз.

СЕНІМДІ ЖАҢАЛЫҚТАР

- Фактілер
- Дереккөз
- Күні



Күмәнді хабарлама көрсеңіз оны әрі қарай жібермеңіз!

Кім туралы айтылғанын анықтаңыз

Хабарламада **кім және нақты не туралы айтылғанын** мұқият анықтаңыз. Шын мәнінде не болғанын, оның қашан және қай жерде болғанын тексеруге тырысыңыз. **Бір ғана мәтінге сүйеніп қорытынды жасауға асықпаңыз.**

Егер жекелеген адамның әрекеті үшін **тұтас халық немесе этностық топ** айыпталып, мәтінде **«олардың бәрі сондай»** немесе **«бұл халық үнемі осылай істейді»** деген тұжырымдар қолданылса, бұл өшпенділік тілі мен этностық стереотиптің көрінісі. Мұнда бір адамның бір әрекеті миллиондаған адамға тән сипатқа айналады. **Дәл осы сәтте сақ болу қажет.**

ҚР Қылмыстық Кодексінің 174-бабында әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздырғаны, сондай-ақ ұлттық ар-намыс пен қадір-қасиетті, діни сезімдерді жария түрде қорлағаны және азаматтардың дінге, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығы белгісі бойынша артықшылығын не кемдігін насихаттағаны үшін жауапкершілік көзделген.

Егер мұндай әрекеттер жария түрде, бұқаралық ақпарат құралдарын, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды пайдалану арқылы жасалса, жаза **2 000-нан 7 000 АЕК-ке дейінгі айыппұлды, екі жылдан жеті жылға дейін бас бостандығын шектеуді немесе айыруды қамтуы мүмкін.**

